

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 8 «а» сыныбында тәрбие жұмысының жоспары  
бойынша жыл бойы жүргізілген жұмыстары жөнінде талдау

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 8 «а» сыныбы 2022-2023 оқу жылын 20  
окушымен бастады. Олардың 9-ы ер бала, 11-і қыз бала. Оқу жылының басында сыныптың  
әлеуметтік төлкүжаты, окушылардың әлеуметтік жағдайы зерттелді. Сыныпта ерекше  
бақылауды және әлеуметтік жағдайы төмен оқушы жок.

Жылдың басында жылдық тәрбие жұмысының жоспары құрылыш, қырқүйек, қазан айларынд  
аталған жоспарға сәйкес тәрбие сағаттары өз уақытында өткізіліп отырды.

Оқушылар өздерінің жан-жақтылығымен көзге түсіп, аудандық, облыстық, мектепшілік  
жарыстарға қатысып, қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласты.

Атап айттар болсақ, мектебімізде өткізілген «Күзгі балл» сайысында сынып оқушылары бас  
жүлдені иемденді. Сыныбымыздың қыз балалары баскетбол ойынынан аудан көлемінде 1  
орынға ие болды, ер балалары теннистен аудандық кезеңінен 2 орынға ие болды.

Сонымен қатар қазақ күресіне қатысатын Жанпейсұлы Нұржан, Мәлік Дағын, Жаңбырбай  
Бибaryс сынды оқушылар жүлделі бірінші, еінші орындарды қанжығаларына байлады.

Сыныбыздың ата-аналары да мектебімізде ата-аналар арасында ұйымдастырылған волейбол  
ойынынан 1-орынға ие болды.

Қайырымдылық жасау мақсатында ұйымдастырылған концерт, жәрменкe шараларында да  
белсенділік танытып жүреді.

Наурыз айындағы барлық мереке лік күндерге белсене қатысып, «Айналанды таза ұста» атты  
тазалық күнінде де өздерінің ұйымшыл сынып екендігін көрсетіп, өздері оқитын сыныпты  
тазалап, барлық жұмысты өз дәрежесінде жасап шықты деп айтуға болады.

Тәртіпсіздікпен көзге түсіп, мектепшілік тізімге алынған оқушылар болған жок. Оқушаланып  
отырған оқушы кездеспеді.

Сыныптың жыл сонындағы үлгерімі 52,63 пайызды құрады.

Сынып жетекшісі

Н.Ж.Жолмаганбетова